Жамбыл облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық дамыту басқармасында Әдеп кодексі, мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамаларын түсіндіру бойынша өткен жиналыстың

ХАТТАМАСЫ

Тараз қаласы №5 «23» қазан 2026 жыл

Төрағалық еткен: Басқарма басшысы – А. Сейсебаев

Қатысқандар: Жамбыл облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық дамыту басқармасының (Бұдан әрі-Басқарма) мемлекеттік қызметшілері, әдеп жөніндегі уәкіл.

Әдеп кодексінің сақталуын қамтамасыз ету

(Е.Оразбай,Б.Орынтаев,Д.Досалянов,Т.Шалдарбеков)

Бөлім басшыларына:

Қоғамдық орындарда масаң күйде болудың және есірткі құралдарын заңсыз пайдаланудың алдын алу:

алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйде қоғамдық орындарда жүруіне жол бермеу;

алкогольдік және есірткілік масаң күйде көлік құралын басқару фактілерінің алдын алу.

Орындау мерзімі: тұрақты

Ұжымда әріптестердің қадір-қасиетіне құрметпен қарау және қолайлы моральдық-психологиялық ахуал қалыптастыру бойынша шаралар қабылдау.

Орындау мерзімі: тұрақты

Мемлекеттік қызметшілердің мінсіз беделін сақтауын қамтамасыз ету:

Мемлекеттік қызметшілердің заңда белгіленген әдеп нормаларын қатаң сақтауын қамтамасыз ету;

Орындау мерзімі: тұрақты

Әдеп талаптарын бұзу фактілеріне жедел ден қою және тиісті шаралар қабылдау;

Мемлекеттік қызметтің оң имиджін қалыптастыру мақсатында түсіндіру және алдын алу жұмыстарын күшейту.

Орындау мерзімі: тұрақты

Басқарма басшысы **А. Сейсебаев**